

**«Қарқаралы қаласының Мәди Бәпиұлы атындағы  
№44 ЖББ тірек мектеп (ро) жанындағы интернаты» КММ-де  
2023-2024 оқу жылында «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу  
бойынша» өткізілген іс-шаралар жоспарының талдауы**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру, оның алдын алу көріністерін азайту. Құқықтық мәдениет деңгейін жоғарылату, құрылымдық және қоғамдық ұйымдардың жұмысын қамтамасыз ететін қабылданған шешімдердің ашықтығы және жариялылығы. Оқу-білім үрдісінде оқушылар мен оқытушылар тарапынан болатын келеңсіз әрекеттердің алдын алу және оларға қатаң бақылау қою мақсатында «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша» жұмыс жоспары құрылып, мектеп директорымен бекітілді.

Әр мұғалім білуі тиіс:

- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық пен күрестің нормативтік құқықтық базасын;
  - Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық үшін жауапкершілікке тартылу тәртібі;
  - Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу және жол бермеу;
  - Сыбайлас жемқорлыққа байланысты әр түрлі іс-әрекеттерге қарсы шығу.
- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске» байланысты жүргізілген жұмыс түрлері

Сонымен қатар, 31 шілде 2015 жылғы 03-1-4/2910 бұйрығы негізінде «Білім туралы» Заңының 8- бабы 2- тармақшасына сәйкес ақша жинауға жол бермеу мақсатында «Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ата-аналарынан ақшалай қаражат жинауға тиым салу туралы» бұйрығы және мектептің 04 тамыз 2015 жылғы №86 бұйрығы таныстырылып, арнайы бұрыш жасалды. Мектептің 2-қабатында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында оқушылар мен ата-аналарға арналған мектептегі теріс әрекеттер, ұрлау және күшпен ақша алу жағдайларын кездестіру кезінде оқушылар өз ескертулерін жасап, өтініштерін хат жазу арқылы білдіретін арнайы «сенім жәшігі» ілінген. Бұл жәшікке келіп түскен өтініштер мен хаттар апта соңында мектеп әкімшілігі және мектеп инспекторының қатысуымен алынып, жұмыс жүрізіліп, қаралады. Сонымен қатар, сенім телефондары жазылып, көрсетілген.

Қыркүйек айында, мектеп ұжымы, оқушылар мен ата-аналарға «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуге байланысты» мектеп ұжымын, оқушыларын, ата-аналарды ҚР Конституциясы, ҚР 1998 жылғы 2 шілдедегі №267, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015ж.18 қарашадағы №410-VҚРЗ, нормативтік заңдармен таныстыру, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мектеп ұжымымен тоқсанына 1 рет құқықтық білімдерін жетілдіру мақсатында «Сыбайлас жемқорлықсыз ел – өркендеуші ел», «Сыбайлас жемқорлық-қоғамның өзекті мәселесі», «Жемқорлықпен күресу – басты міндетіміз», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менің көзқарасым», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – әрбір адамзаттың міндеті» тақырыптарында дәріс сабақтары өткізілді.

«Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықпен, бопсалауды» болдырмаудың алдын алу» тақырыбы бойынша жаңа форматта «аналар», «әкелер» кеңестерінің отырыстары өткізілді.

Мақсаты: Отбасындағы бала тәрбиесі туралы аналардың пікірін білу, талқыға салу. Әкелердің бала алдындағы жауапкершілігін арттыру.


Мектебімізде мектеп оқушыларынан құралған «Адал ұрпақ» клубының жұмысының жоспары бекітіліп, оқушылармен таныстырылып, жұмыс жүргізілді.

Оқу жылы бойы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күніне арналған 1-11 сыныптар арасында сынып сағаттары өткізіліп, әлеуметтік желіге жарияланып отырды.

2023-2024 оқу жылында 7ә сыныбыммен «Адалдық сағаты» өткізілді. Сынып сағаттың мақсаты – рухани құндылықтарды жоғары қоятын парасатты, саналы жастарды қалыптастыру. «Адалдық сағаты» өскелең ұрпақ арасында адалдық мәдениетін қалыптастыру қағидалары, әділ және адал еңбек ету, рухани-адамгершілік құндылықтар туралы айтылды. «Парасаттылық дегеніміз не?» деген сұраққа ұлы ойшылдың «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деген нақыл сөздерімен мысал келтіріп, түсіндіріп бердім. Білімалушылар арасында адалдық, парасаттылық қағидаттарын дамыту жөніндегі шаралар тұрақты негізде өткізіліп отырады.




2023-2024 оқу жылында 10-сынып оқушылары арасында "Адамдық борышың" тақырыбында эссе байқауы өтті. Оқушылар берілген шығармашылық еркіндікті пайдалана отырып, эссені қызығушылықпен жазды. Байқау нәтижесінде 10-сынып білім алушысы Амантай Әсемнің жұмысы "Үздік эссе" деп танылып, марапатталды.



Қарағанды облысы білім басқармасының 04.09.2023 жылғы №5-6.3894 хатына сәйкес, 1-6 қыркүйек аралығында «Қарқаралы қаласының Мәди Бәпиұлы атындағы №44 жалпы білім беретін тірек мектеп (ресурстық орталық) жанындағы интернаты» КММ-де 1-11 сынып білім алушылары аралығында сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы тақырыпта жемқорлыққа "мүлдем төзбеушілік" көзқарасты қалыптастыру мақсатында "Адалдық сағаттары" өткізілді. Сабақ барысында білім алушылар "Жемқор шенеуніктің қызы" тақырыбындағы бейнероликті көріп, өзара ой бөлісіп, кластер құрап, "Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ" тақырыбында суреттер салды.



«Мәди Бәпиұлы атындағы №44 ЖББ тірек мектеп (РО) жанындағы интернат» КММ 11-сыныпта сыбайлас, жемқорлық деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру, өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту, өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту, өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу, патриоттық тәрбие қалыптастыру мақсатында «Оян, ар мен адалдық!» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағатында білім алушыларға жағдаяттық талдаулар, ақпараттар берілді. Республикамызда сыбайлас жемқорлықты реттейтін бірқатар нормативтік құқықтық актілермен танысты. Өзара пікір алмасып, өз ойларын еркін түрде жеткізді.



Қарқаралы ауданының ПБ ЖПҚБ КТІЖ УПИ полиция капитаны А.Ж.Мусабековамен оқушылармен, педагогикалық ұжыммен кездесу өткізіп, «құқықбұзушылық пен сыбайлас жемқорлықтың, бопсалаудың алдын алуда» жүргізіліп жақтан іс-шаралармен танысып, пікір алмасты.


Оқушылармен мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер «Жеморлықсыз болашақ» тақырыбында жиналыс өткізіп, жемқорлыққа арналған заңның орындалуын қадағалау туралы айтып өтті.

Ата-аналардан сауалнама алынып, қорытындысы шығарылды. Нәтижесінде, сауалнамаға 319 ата-ана қатысып, ой бөлісті.

Мектеп оқушыларының арасында бопсалауды болдырмаудың алдын алу мақсатында сауалнама алынып, қорытындысы шығарылды. Сауалнамаға 301 оқушы қатысып, ойларын ортаға салды.

Күнделікті оқу процесінде жемқорлыққа жол бермеу мәселелері үнемі қадағаланып отырады.

Білім беру ұйымдарында ата-аналардан ақша жинау туралы фактілерінің орын алуын болдырмау мақсатында мұғалімдермен, сынып жетекшілермен үнемі жиналыстар өткізіліп, түсінік жұмыстары жүргізіліп тұрады.

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары:  Ж.Т.Искакова